

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

02.11.2017 ж.  
сағ.: 11:00

**Тендерлік комиссия құрамы:**

**Комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, М. Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқарма басшысының м.а., Т.А. Қалқаманов - ММРК «Резерв» РМК Бас директорының м.а., Д. А. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспағандар: С.К. Сабырбаева - ММРК төрағасының орынбасары, комиссия төрағасы – еңбек демалысында, (2017 жылғы 16 қазандағы №164-д бұйрығы), Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы– еңбек демалысында (2017 жылғы 16 қазандағы №71-д бұйрығы)).

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша келіп түскен тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

2. Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету бойынша халықаралық ізгілікті көмек көрсету сұрағы бойынша Комиссияның оң шешіміне байланысты 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен лоттардың көлемдерін азайту және алып тастау (2017 жылғы 27 қазандағы №14 хаттама).

3. Жеке тұлға Арман Керемханович Умашевтың бұрын ұсынған өтініш хаттың күшін жою туралы 2017 жылғы 11 қазандағы №1391/КГМР өтішіне байланысты №1411 лоттың азайтылған көлемін (2017 жылғы 31 тамыздағы хаттама) 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесіне шығару бойынша сұрағын қарастыру.



Тендер 2017 жылғы 26 қазандағы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

1. ММРК-нің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылған хабарлама негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдердің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№ р/с	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекен-жайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	ж.т. Адилов Даурен Кадырканович	1	Астана қ., Кубрин көш., 20/1 үй, 406 пәт.	01.11.2017 ж	16:20
	<b>Барлық конверттер:</b>	1			

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері **жок**.

Тендерлік комиссия тендерге қатысу өтінімін конверт ашылғаннан кейін Қағидалардың 11-тармағына сәйкестігін қарастырды.

1. **Ж.т. Адилов Даурен Кадырканович (№1195, №1508, №1509, №1510, №1531, №2090 лоттар)** тендерге қатысу өтінімі тігілген, 2 парақта нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 01.11.2017 жылғы № 32-001051 жеке тұлғаларға арналған қаражатты аудару туралы өтініші.

Қағидалардың 35 және 36 тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен келесі үміткерді тендер жеңімпазы ретінде анықтау туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

Жалғыз қатысушы ретінде **№ 1195 лот** бойынша жалпы бағасы **134 600 (жүз отыз төрт мың алты жүз) теңгемен ж.т. Даурен Кадырканович Адиловтың** тендерге қатысу өтінімін;

*Handwritten signatures and stamps at the bottom of the page.*

Жалғыз қатысушы ретінде № 1508 лот бойынша жалпы бағасы 3 500 (үш мың бес жүз) теңгемен ж.т. Даурен Кадырканович Адиловтың тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 1509 лот бойынша жалпы бағасы 3 500 (үш мың бес жүз) теңгемен ж.т. Даурен Кадырканович Адиловтың тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 1510 лот бойынша жалпы бағасы 3 500 (үш мың бес жүз) теңгемен ж.т. Даурен Кадырканович Адиловтың тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 1531 лот бойынша жалпы бағасы 3 640 (үш мың алты жүз қырық) теңгемен ж.т. Даурен Кадырканович Адиловтың тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 2090 лот бойынша жалпы бағасы 30 777 (отыз мың жеті жүз жетпіс жеті) теңгемен ж.т. Даурен Кадырканович Адиловтың тендерге қатысу өтінімін;

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Тендерлік комиссия күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету бойынша халықаралық ізгілікті көмек көрсету сұрағы бойынша Комиссияның құптау шешіміне байланысты (2017 жылғы 27 қазандағы №14 хаттама) 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен:

- № 247-№255, №293-№302, №304-№309, №333-№337, №774-№777, №780-№782, №784-№800, №806-№807, №809, №812, №816-№833, №929-№941, №942-№950, №1079-№1085, №1086-№1094, №2067-№2069 лоттары алып тасталынсын;

- №256 «жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 61,5 тн. азайтылсын;

- №303 «жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 141,689 тн. азайтылсын;

- №873 «ет консервілері» 13,6 мшб. азайтылсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

3. Тендерлік комиссия күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Жеке тұлға Арман Керемханович Умашевтың 2017 жылғы 11 қазандағы №1391/КГМР өтішіне байланысты азайтылған көлемін (10 жүп керзі етіктері) қоса алып, №1411 лот 2017 жылғы жаңарту және броньнан

2017  


шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесіне шығарылсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 02 қарашадағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Интернет-ресурсында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 02 қарашадағы сағат 11.18-де жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 02 қарашадағы өзгерістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 52 бетте.


**Комиссия төрағасының орынбасары:**

Орынбеков Б. Ә.




**Комиссия мүшелері:**


Әжіғұлова М. Ж. .



Шәкірбаев М.С.




Иманбаев Н.М.



Рахаев М.Н.



Қалқаманов Т.А.



**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.А.

